

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ ИНКЛЮЗИВТІ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Бүгінгі таңда жалпы білім беретін мектеп, яғни саналы халықтық мәдениетке бағытталған, баланың жеке басының дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына жағдай жасайтын, бәсекеге қабілетті, елдің ертеңі болатын жас ұрпақты өсіріп, дамытатын негізгі орта екені сөзсіз.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттеріне: білім бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау және жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы парасатты байыту» деп атап көрсетілген.

Осыған байланысты қоғам алдына оқушының жеке басын үйлесімді дамытуға бағыттайтын міндеттер қойылып отыр. Отанымыздың әрбір болашақ азаматын жан – жақты тәрбиелеп, білім беру арқылы дамыту ең жауапты іс болып табылады.

Жалпы орта білім беретін мектептерде үлгерімі төмен оқушылардың көбісі психикалық дамуы тежелген балаларды құрайтындығы бүгінгі күні ғылыми түрде дәлелденіп отыр. К.С.Лебединская, В.И.Лубовский, т.б. дефектологтар зерттеулерінде балалардың жас мөлшері бірдей болғанымен, психикалық дамуы әр түрлі, яғни интеллектуалды қабілетінің жасына сәйкес келмейтіндігін ерекше атап көрсетілген.

Білім беру мекемесінде білім алуда ерекше қажеттілігі бар балалар әр уақытта нәтижеге жетуі үшін бақылаудан тыс қалмауы қажет. Сонымен бірге, әр баланың физиологиялық, психологиялық жас ерекшеліктерін ескере отырып, сынып жетекшісі, психолог, логопед, дефектолог және ата – ана тығыз байланыста болып, түзету жұмыстары тиімді жүргізілген жағдайда жұмыс нәтижелі болмақ. Білім алуда ерекше қажеттілігі бар балалардың ерекшеліктерін басшылыққа ала отырып, балаларды мүмкіндіктеріне қарай дамыту, оларға сеніммен қарап, жеке тұлға ретінде өмірге бейімдеу, оқытудың тиімді тәсілдерін іздестіру, оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі жұмыстар атқарылуда. Бұл жалпы білім беретін мектепте инклюзивті мәдениетті қалыптастырудың жолдары болып табылады.

Отанымызда білім алуда ерекше қажеттілігі бар тұлғалардың құқығы мен мүмкіндіктеріне байланысты арнайы білім беру, оларды туғаннан бастап әлеуметтік және

медициналық - педагогикалық қолдау, білім алуды ақысыз пайдалану құқығын жүзеге асыру «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық – педагогикалық түзу арқылы қолдау туралы» заңында, «Балалардың құқығын қорғау туралы» конвенцияда, «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заңдарда қарастырылған.

Қазіргі таңда білім алуда ерекше қажеттілігі бар балаларды қоғамға біріктіру, әлеуметтік бейімдеу, білім беру және тәрбиелеу, бала дамуының бұзылыстарын алдын алу және нәтижелі түзету үшін ең қолайлы жағдайлар жасау мақсатында инновациялық бағыттар жетілдіруде. Осыған сәйкес арнайы білім берудің болашақ бағыттарының бірі инклюзивті оқыту болып табылады.

Инклюзивті білім берудің іске қосылуына Біріккен Ұлттар Ұйымы ЮНЕСКО-мен «Білім алу қажеттігі ерекше адамдардың білім алуы саласындағы саясат пен практикалық іс-әрекет қағидалары туралы» қабылданған Саламан декларациясының ұсынысы себеп болды (Испания, 1994ж).

Сондықтан да оқушыларды психологтар мен дефектологтар қолдауында, бейімделген бағдарламалар бойынша оқытылатын жағдайда да жалпы білім беретін мектептерге жай ауыстыра салу дұрыс нәтиже бермейді. Шын мәніндегі инклюзивтік білім беру талаптарын жүзеге асыру үшін педагогикалық процеске қатысушы барлық мамандардың ынта – ықыласы, бірлескен күш – жігері мен уақытты қажет етеді.

Инклюзивтік білім беру - барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Ал халықтың инклюзивті сауатын арттыру арқылы, қоғамда инклюзивті мәдениетті дамыту қажет. Осы жерде қазақ халқының ғасырлар бойы ұстанған ұлы дала саясатын негізге алған жөн. Балалар мұрасын мәңгілік ел құндылығын өркендету бағдары ретінде анықтау қоғамның ерекше балаларға толерантты қатынасын қалыптастыру алғышарты.

Қазақ ұлты отбасында ерекше белгімен дүниеге келген сәбиді «нышаналы бала» деп атаған. Мұндай балаға бір отбасы ғана емес, бүкіл ел, тұтас қауым ерекше жанашырлық қатынаста болған. Осындай тәжірибе жапон халқында да бар екен. Олар ерекше баланы «киелі бала» деп атайды екен. Инклюзивті білім беру аясында әр бір мұғалімнің ерекше білім қажеттілігі бар оқушылар категориясын білуі және олардың мүмкіндіктеріне сәйкес оқыту әдістемелерін меңгерулері шарт. Бұған заманауи білім беру инновациялары мен

реформалар беталысы айқын: қоғамдық бақылау кеңестері, ата-аналар өкілеттігі, жаңартылған білім мазмұны, интегративті оқыту. Инклюзивті білім беру жалпы қоғамдық сипат алған жағдайда өрістеп дамитын болады.

Ал осы өрістеп дамып жатқан қоғамда мәдениет қалай өлшенеді. Қоғамдағы мәдениеттің деңгейін қалай бағамдай аламыз? Ал мәдениет, оның ішінде біздің қарасырып жатқан инклюзивті мәдениет ең маңызды болып табылады. Оның ең алғашқы көрсеткішінің бірі адамды тыңдай білу мәдениеті.

Қорытындылай келе, жалпы білім беретін ұйымдарға қосылған ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларды мектеп кеңістігіне тарта отырып, қамқорлық-сақтық тәртібі және оларды психологиялық қолдау шарттарын тиімді жүзеге асыру біздің негізгі мақсатымыз. Осылайша ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алуға тең қол жеткізуді қамтамасыз етуге ықпал ететін ортақ кеңістік құру аясында педагогтардың кәсіби құзыреттіліктері мен инклюзивті білім берудің маңызды бөлігі болып табылатын инклюзивті мәдениетті дамыта аламыз. Өркениетті еліміздің әрбір азаматтың инклюзивті мәдениет болса біздің атқарып жатқан жұмысымыз да нәтижелі болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Алматы: Юрист, 2003. – 22 б.
2. З.А.Мовкебаева, педагогика ғылымдарының докторы, Қазақтың Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ. Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы №5 (65) 2012, 11-16 бет.
3. Оразаева Г.С., Сейсенова А.Д. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту// Открытая школа. - 2012. - № 4(115). - С. 12-16 б.
4. Маслова Л.М. Особенности инклюзивной школы // Открытая школа.-2011.- №2(103).-С48-51.